ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 5 шілде №5265-23-00-2/1430 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Кененбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Арай Ержанұлы Кәрімбай

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер 2023 жылғы 18 сәуірдегі мемлекеттік сатып алу туралы №149 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған, қызмет көрсетпеген.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап бойынша:

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 8.4 тармағына сәйкес орындаушы жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімде, бірақ шарттың қолдануы аяқталу мерзімінен кешіктірмей жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, орындаушыдан мерзімін кешіктірген әр күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіре отырып, осы шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқығы бар.

Сондықтан сот, жауапкерден талап қоюшының пайдасына қызмет көрсетпегені үшін 23 күнге есептелген 25 691 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілуге жатады деп табады (1 117 000*0,1%*23).

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

АПК-нің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығысын өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Арай Ержанұлы Кәрімбай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Арай Ержанұлы Кәрімбайдан Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық

Құжатқа қол қойылған: Кененбаева А. А., 09.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.08.2023, судья Кененбаева А. А., 24.08.2023

5265-23-3-1/1554

орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 25 691 (жиырма бес мың алты жүз тоқсан бір) теңге тұрақсыздық айыппұл және 771 (жеті жүз жетпіс бір) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығысы өндірілсін.

Дара кәсіпкер Арай Ержанұлы Кәрімбайдан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін, 1 (бір) ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: **А.А. Кененбаева**

Құжатқа қол қойылған: Кененбаева А. А., 09.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.08.2023, судья Кененбаева А. А., 24.08.2023

5265-23-3-1/1554